



ҚАУЛЫ

30.01.2009 № 337

Ақтау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Актау

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Маңғыстау туризм колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңдарына сәйкес, сондай-ақ, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 2 қыркүйектегі № 295 қаулысымен мақұлданған «Маңғыстау облысының бастауыш және орта кәсіптік білім беруді дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған Өңірлік бағдарламасын» іске асыру мақсатында, облыс әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау облысының білім басқармасының «Маңғыстау туризм колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) құрылсын.

Орналасқан жері: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23 шағын ауданы.

2. Қоса беріліп отырған Кәсіпорынның Жарғысы бекітілсін.

3. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып Маңғыстау облысының білім басқармасы белгіленсін.

4. Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы (Х.Х. Нұрғалиева) 2009 жылы Маңғыстау облысының білім басқармасын қаржыландыруды ұлғайтуды қарастырсын.

5. Маңғыстау облысының қаржы басқармасы (М.Б.Әлібекова):

Кәсіпорынды 2009 жылға қаралған бюджет қаражаты шегінде уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

коммуналдық меншік нысандарының Тізіліміне тиісті толықтыру енгізсін.

6. Маңғыстау облысының білім басқармасы (Қ.Б.Жұмашев) заңнамамен белгіленген тәртіппен:

012810

Кәсіпорынды Маңғыстау облыстық әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларын қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж.А. Қараевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі



Ж.А. Қараев



ҚАУЛЫ

30.01.2009 № 337

Ақтау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Актау

О создании «Государственного коммунального казенного предприятия «Мангистауский колледж туризма» Управления образования Мангистауской области

В соответствии с законами Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении в Республике Казахстан», а также в целях реализации «Региональной программы развития начального и среднего профессионального образования Мангистауской области на 2007-2009 годы», одобренного постановлением акимата Мангистауской области от 2 сентября 2007 года № 295, акимат области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Создать государственное коммунальное казенное предприятие «Мангистауский колледж туризма» Управления образования Мангистауской области (далее – Предприятие).
Местонахождение: Мангистауская область, город Актау, 23 микрорайон.
2. Утвердить прилагаемый Устав Предприятия.
3. Определить органом государственного управления Предприятием Управление образования Мангистауской области.
4. Управлению экономики и бюджетного планирования Мангистауской области (Нургалиева Х.Х.) предусмотреть увеличение финансирования Управления образования в 2009 году.
5. Управлению финансов Мангистауской области (Альбекова М.Б.):
обеспечить своевременное финансирование Предприятия в пределах бюджетных средств, предусмотренных на 2009 год;
внести соответствующие дополнения в Реестр объектов коммунальной собственности.
6. Управлению образования Мангистауской области (Жумашев К.Б.) в установленном законодательством порядке:
обеспечить государственную регистрацию Предприятия в органах юстиции Мангистауской области;

012809

принять иные меры, вытекающие из настоящего постановления.

7. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима области Караева Ж.А.

8. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким области



Ж. Кушербаев